

1 БӨЛІМ.
ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ

РАЗДЕЛ 1.
ЯЗЫКОЗНАНИЕ И ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ


SECTION 1.
LINGUISTICS AND LITERARY STUDIES

ӘОЖ 81'373.2
ҒТАМР 16.21.33

[DOI:10.52301/2957-5567-2023-2-14-22](https://doi.org/10.52301/2957-5567-2023-2-14-22)


Г.К. Абишева

*Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар, Қазақстан*

 <https://orcid.org/0000-0002-7150-8341>
e-mail: abisheva_gulnara1982@mail.ru

А.Қ. Тұрышев

Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан

 <https://orcid.org/0000-0001-5898-4485>
e-mail: trushev@mail.ru

**МӘШҲҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ
ДІНИ АНТРОПОНИМДЕР**

Аңдатпа. Мақалада Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының көркем шығармаларындағы діни антропонимдердің рөлі қаралады. Оның шығармаларындағы, әсіресе пайғамбарлардың атауларындағы діни поэтонимия белгілі бір ақпараттың элементтерін, олардың өмірінің қандай да бір дәуірінің бейнесін, әрекетін көрсетеді, олардың танымдық ерекшеліктерін ашады. Автор өз шығармаларында халық ертегілерінің сан ғасырлық дәстүрін көркем әдебиет деңгейіне дейін көтерген, сондықтан Мәшһүр Жүсіп туындылары діни терминологияны қамтитын діни-философиялық ойдың тікелей көзі болып табылады. Осы тұрғыда теориялық және көркем туындыларға талдау жасалып, қорытындылар жасалады. Діни поэтонимдер қасиетті сипатқа ие. Шығармалардағы діни аттарды қарастыра отырып, біз автордың жеке ұстанымын, оның көркем-эстетикалық және діни дүниетанымын анықтай аламыз.

Түйінді сөздер: ономастика, әдеби ономастика, жалқы есім, поэтоним, антропоним, көркем мәтін, Мәшһүр Жүсіп.

Мүдделер қақтығысы:

Авторлар мүдделер қақтығысы жоқ деп мәлімдемейді.

Мақаланың тарихы:

Алынған күні: 13.04.2023

Жариялануға қабылданған күні: 10.06.2024

Кіріспе

Тарихи этникалық процесті сипаттайтын ақпараттың рухани-тарихи көздерінің бірі – антропонимдер жүйесін лингвистикалық, әлеуметтанулық тұрғыдан анықтау ерекше маңызды. Бұл тек лингвистикалық жаңғырту ғана емес, сонымен қатар этномәдени сипаттағы тарихи білімнің көкжиегін кеңейту. Осыған байланысты қазіргі қазақ қоғамында ұлттық мүдделерге сәйкес қазақ тілінің негізгі, деректану, ауыспалы, рефлексивтік этномәдени және әлеуметтік қызметі, жаңа деңгейдегі ұлттық сананың тиісті жаңаруы, мемлекеттік тіл мәртебесіне байланысты қазақ тілінің қарқынды қызметі қазақ тілінің лингвомәдени жүйесі болуы тиіс.

Шығарма композициясының негізгі элементтері ретінде көркем әдебиет ономастикасына лингвистикалық тұрғыдан талдаулар жасау тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сондықтан бұл сала кейіпкерлерді сипаттау, оқиғалар көрінісін және шығармалардың идеялық мазмұнын бейнелеу үшін аса маңызды фактор болып саналады. Ономастика (адамдар, жер, су, рулар, тайпалар және т. б.) зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері (олардың атаулары) және тілмен қарым-қатынаста қабылданған ұлттық-этномәдени, әлеуметтік сипаттағы анықтау қажеттілігі В.В.Радлов, В.В. Бартольд, Н. Катанов, А.Н. Самойлович, С.Е. Малов, Н.К. Дмитриев, А.Н. Кононов, Н.А. Баскаков, Қ. Жұбанов, І.К. Кеңесбаев, С. Аманжолов, Ә. Қайдар, Т. Жанұзақов, Ә. Абдрахманов, Е. Жанпейісов, Қ. Рысбергенова, Г. Мадиева, А. Жартыбаев т.б. ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылды.

Дінтанушы ретінде Мәшһүр Жүсіп қазақ даласында құранның хикаяларын түсіндіруді мақсат етіп қойды. Ақынның сюжеттік өлеңдерінің көпшілігі діни тақырыпта екені мәлім. «Құдайым жексенбі күн жер жаратты», «Адам ата мен шайтан», «Сүлеймен мен Ібіліс», «Абыраһа мен Мұтылаб», «Мұхамедке пайғамбарлық келгені», «Ғалының ниеті», «Жаппардың әңгімесі» тағы да басқа көптеген өлеңдеріндегі сюжеттік желісі құран хикаяларымен сабақтас. Сонымен қатар Мәшһүр Жүсіптің ақындық мұрасының едәуір бөлігін дастандар (жоғары көркем поэтикалық шығармалар) құрайды, олардың көпшілігі діни тақырыпқа арналған. Осыған байланысты ақынның дастандары шығыс классиктерінің шығармаларына ұқсас. Діни дастандарда автор ғасырлар бойы қалыптасқан халық ертегілерінің дәстүрін көркем жазба әдебиет деңгейіне көтерді.

Мұсылман елдері әдебиетінде кең айтылған және Мұхаммедтің Миғраж сапарын жырлаған ақын Мәшһүр Жүсіптің «Миғраж» дастанында (Мәшһүр, 2007, 263 б.) айтарлықтай мол. Демек, дастанның атауы да үлкен мағынаны білдіреді. Пайғамбарымыз Мұхаммедке Миғраж мұғжизасы берілген. Миғраж түнінде пайғамбарымыз хазіреті Мұхаммед Меккедегі әл-Харам мешітінен Құддыстағы (Иерусалим) әл-Акса мешітіне бір сәтте Исра жасайды (түнгі сапар арабтарда «исра» деп аталады). Одан миғражға – жеті қат көкке көтеріліп, дүниеден өткен барлық пайғамбарлармен кездеседі, үнемі құлшылықта жүретін періштелермен жолығады. Құдіретті Жаратушымыздың түрлі белгі – аяттарын көріп, Онымен тілдеседі. Бес уақыт намаз осы түнде парыз етілген. «Миғраж – пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) ең үлкен мұғжизаларының бірі. Мұғжиза – Алланың құдіретімен жүзеге асатын, адамдардан тек пайғамбарларға ғана тән, таңғажайып құбылыс. Жүрегінде иман нұры орныққан әрбір адам Алланың мұғжизаларына шүбәсіз сенеді» (Сейтбеков, 2011, 324 б.). Осындай қасиетті құбылыс атауымен бірдей аталатын

«Миғраж» дастаны Мұхаммед пайғамбардың бейнесін сипаттауға арналған. Онда Пайғамбардың аспанға қалай көтерілгені туралы айтылады. Құдаймен кездесіп, ол ең алдымен жердегі адамдарға қамқорлық жасайды. Бұл дастанның негізгі идеясы.

Материалдар мен әдістер

Мәшһүр Жүсіп туындылары діни терминологияны қамтитын діни-философиялық ойлардың тікелей көзі іспетті. Мәшһүр шығармаларындағы әрбір аталған есім белгілі бір ақпараттың элементтерін, олардың өмірінің қандай да бір дәуірінің бейнесін, әрекетін, сипаттайтын сияқты. Осы орайда, Мәшһүр поэзиясында діни поэтонимияны пайдалану өте маңызды және бұл топта ерекше орын алатын онимдер – пайғамбарлар есімдері. Дастанда Адам ата, Мұхаммед, Әбу Жаһил, Жебірейіл, Расул, Мекайіл, Исрафил, Жақия, Жақып, Ғайса, Дәуіт, Сүлеймен, Ыдырыс, Мұса, Мұхаммед сияқты антропонимдер қолданылған. Солардың әрқайсысына тоқталып, танымдық тұрғыдан мән-маңызын сипаттау – біздің мақаламыздың мақсатын мен әдістерін айқындайды.

Қасиетті онимдерді талдау үшін контекстік талдау қолданылады, оның көмегімен Мәшһүр Жүсіп дастандарындағы онимдердің семантикасы мен қызметін анықтаймыз. Антропонимдердің дифференциалдық белгілерін белгілеу үшін олардың семантикалық талдауы да қолданылады.

Нәтижелер және талқылау

«Жер бетіндегі қаншама миллиондаған адамдардың түбі – бір, барлығы Адам атадан тарайды. Адам ата – Аллаһ тағала саналы тіршілік иелерінен алдымен Адам атаны (а.с.), сонан кейін оның серігі – Хауа ананы жаратты. Адам атаның жер бетіне түсірілгенін Құран кәрімнен білеміз. Күллі адамзаттың бабасы һәм жер бетінің алғашқы халифасы ретінде оның өмір жолы осылай басталды. Сондықтан да мұсылмандар басқа ұлттарды көргенде шарапатты аят-хадистерге сүйеніп: «Бәріміздің тегіміз – Адам ата, ал оның тегі – топырақ», – деп айтады (Сейтбеков, 2011, 17 б.).

Мәшһүр Жүсіпте:

«Бұл өзі өтіп кетер қапы жалған.

Жаралған ең әуелі – Адам ата,

Қоймады дүниеге оны да [алған]» (Мәшһүр, 2008, 20 б.) – деп, Адам атаның ең бірінші жаратылғаны туралы айтып өтеді.

Әуелі жан иесі – Адам ата,

Жан қылып топырақтан қылған жота (Мәшһүр, 2005, 131 б.) .

Сонымен қатар:

Ашылды әуелгі аспан есіктері,

Тұр екен Адам ата күтіп құрмет.

Ол жерде мен Адамға сәлем бердім,

Кісі екен ұзын бойлы, жүзін көрдім.

– Қош келдің, бақытың ашылсын, балам! – дейді,

Бөгелмей онан өтіп жүре бердім (Мәшһүр, 2005, 296 б.), – деген жолдар кездеседі.

Осы жолдардан адамзаттың алғашқы атасы әрі алғашқы пайғамбары екенін және көркем мінезге ие екенін аңғара аламыз.

Әбужаһил – дастанда Мұхаммедке оқ атып, опасыздық жасаған адам.

Өш болып, Әбужаһил оқпен атты,

Кәпірлер ренжімеді Мұхаммедті (Мәшһүр, 2007, 265 б.).

Әуелі жолығыпты Әбужаһил,

Көп жанға залал етіп, қылған батыл (Мәшһүр, 2007, 266 б.).

Әбужаһилдың Мұхаммедке залымдық жасағаны туралы бірнеше поэмаларда айтылады. Мысалы:

Әбужаһил залымға төзім қылған Мұхаммет,

Жалақордың хақ жолға өзін бұрған Мұхаммет (Мәшһүр, 2007, 221 б.).

Мәшһүр шығармаларында кездесетін діни поэтонимдердің бірі – Жебірейіл. Жебірейіл – Аллаһға ең жақын жүретін, Алланың әмірімен жансыз жан салатын, тарыққанды демейтін періште. Аллаһ пен пайғамбарлардың, соның ішінде Мұхаммедтің (ғ.с.) арасындағы бас дәнекерші. Діни аңыздарда Жебірейілдің Мұхаммедтің (ғ.с.) өміріндегі алатын орны да жан-жақты сипатталады. Ол Мұхаммедке (ғ.с.) Құранды бөліп-бөліп бере отырып, рамазан айында тапсырып болған. Ол пайғамбарды қорғап және оған жөн сілтеп, Құдысқа баратын “түнгі сапары” кезінде оған жолсерік болады және де оған әскери шаралар мен діни таластар кезінде көмектеседі. Жебірейіл Аллаһға жақын төрт періштенің ең лауазымдысы болып табылады. Кейде оны аяғы жерде, басы бұлтта болатын заңғар биік бейнеде сипаттайды (Ислам, 2010, 24 б.). Аллаһтың елшісі, Аллаһтың оған игілігі мен сәлемі болсын, Жебірейілді оның періштелік бейнесінде екі рет – Алла оны Жаратқан бейнеде көрді. Бұл туралы Алла Тағаланың сөздерінде айтылған:

«Ол оны айқын көкжиекте көрді».

«Ол оны Лотостың шеткі бетіндегі баспана бағы орналасқан жерде көрді (Ан-Наджм, 13–15), яғни, ол көкке көтерілген кезде көрген. Мәшһүр Жүсіптің дастанында Мұхаммедтің Алланың ықыласымен Жебірейіл әкелген пыраққа мініп, көкке көтеріледі (Мәшһүр, 2007, 263–266 б.).

Періште ол Жебірейіл жетіп келді:

Иа, Мұхаммед, Құдайың айтты сәлем,

Жіберді пырақ пенен шола саған (Мәшһүр, 2007, 265 б.).

Алдыма менің келіп пырақ түсті,

– Мінем! – дедім, шегініп, бойын қысты.

Жебірейіл

– Жай түр! – дейді, тұрдым, міндім,

Жөнелді мені құстай алып ұшты (Мәшһүр, 2007, 265 б.).

Алла бұйрығымен Жебірейіл Расулға келгеннен кейін, автор тарапынан төмендегідей жолдар бар:

Кеудем жарып, жүрегім суырып алды,

Бір алтын легенге оны малды.

Легеннің іші толған ғылым-хикмат,

Тазалап өз орнына қайта салды.

Алдымда Жебірейіл бар, соған ердім.

Міндім: «Бисмилла!» деп, кеш, ерте ме,

Алдына мешіт Ақса жетіп келдім (Мәшһүр, 266 б.).

Мәшһүр шығармаларындағы кездесетін тағы бір діни есімдер – Мекайіл және Исафил.

Мен міндім Мекайілдің енді үстіне,
 Мінген соң, Мекайілнікі жүрмесін бе?!
 Екінші көкке жеттік, есік ашып,
 Періште онда тұрған бір кішкене.
 Басын көрдім, аяғын көре алмадым,
 Мен, Мекайіл қалды сонда, жүре алмадым.
 Үшінші Исрафилге мінгенімде,
 Қанеки, онда тоқтап тұра алмадым.
 Екінші көкте Жақия, Ғайса тұрған,
 Мен сәлем берген шақта мойнын бұрған.
 Қош келдің, жомартым-ай, асқан, – дейді,
 Жүруге енді Исрафил мойын қойған (Мәшһүр, 2007, 267 б.).

Мекайіл, Исрафил – періштелер. Мекайіл – Желдің соғуы, жаңбырдың жаууы және өсімдіктердің өсіп жетілуі т.с.с. табиғи құбылыстарға жауапты. Исрафил – Сүрдің үрленуі, қиямет күннің болуы және адамзат пен жындардың қайта тірілуі сияқты істерге жауапты (Ислам, 2010, 135 б.). Мәшһүр Жүсіптің «Сегіз жұмақ, төрт періште баяны» атты өлеңінде: «Дүниеде фазыл (беделді деген ұғымда берілген) болған төрт кітап бар, Зәбур мен Тәурат, Інжіл, Құран олар», – деп Мәшһүр өзі айтқанындай осы кітаптарды оқыған адам дүниетанудың мәнісін сезінетіндігін байқауға болады. Ол өлеңнің бірінші шумағында-ақ:

*Жебірейіл, Мекайіл мен жаратты екеу,
 Исрафил, Ғазірейілмен қылып төртеу.
 Бірін – желге, біреуін суға қойып,*

Жұмақ – сегіз болғанда, тамұқ – жетеу» – деп Алланың ең жақын төрт періштесі болғандығын баяндайды. Жаратылыстанудың, дінтанудың бағамы болатын бұл өлеңді оқығанда, Алланың өзіне ең жақын періштесі Жебірейіл – Алланың іс-әрекеттерін пайғамбарға жеткізуші екенін, ал Мекайіл жер сілкінісін, су тасқынын жасайтын, жаңбыр жауғызатын, құрғақшылық жасайтын періштесі болса, Исрафил – Аллаға ең жақын төрт періштенің бірі. Аңыз бойынша ақыр заман болғанда, Исрафил сүрге үрлеп (керней тартып), өліктер тірілуге тиіс, ал Ғазірейіл Алланың әмірімен жан алатын періште екендігі баяндалады (Мәшһүр, 2007, 86 б.).

*Мекайіл Исрафилмен келген екен,
 Шапағатын сынамаққа жүрген екен* (Мәшһүр, 2008, 4 б.).

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларында да заман ақырда, қиямет күнінде болатын оқиғалар суреттеледі және осы тұста Исрафил есімі жиі айтылады:

*Бір күні сүрін тартар Исрафил,
 Болғаны сүрін тартса, заман ақыр.
 Тау мен тас, ой мен шұңқыр бірдей болып,
 Болады жердің жүзі айдай тақыр.
 Дүниеде өлмей қалмас ешбір пенде,
 Басқалар бір құдайдан болар мүрде* (Мәшһүр, 2008, 285 б.).

Дастанда ақын Исрафил сүрін екінші рет тартқанда, жанның бәрі тіріліп, Махшар алаңына айдалатындығын сипаттайды.

*Алланың пәрменімен тірілер жан,
 Болады бұрынғыдай жұмыла ғалам* (Мәшһүр, 2007, 286 б.).

Аталмыш шығармаларда кездесетін тағы бір діни поэтоним – Жақып. Жақып – йудей, христиан және мұсылман діндеріне ортақ кейіпкер. Жақыптың лақап аты – Исрайыл. Оның он екі ұлынан он екі тайпа тарап, олар Исрайыл ұрпақтары болып аталып кетті (Әубәкір, 2014, 40 б.).

Мәшһүр шығармаларында Жақып (Иғхоп) онимі пайғамбардың есімі ретінде беріледі: «Елден бұрын жолдастасқан екі жолдас: жан мен дене. Жан-хазірет-Жақып (Иғхоп) ғалайссалам, дене- хазірет Иосиф (Жүсіп) ғалайссаламның анасы» (Мәшһүр, 2008, 202 б.).

Жақып есімі Мәшһүр Жүсіптің «Жер мен көк» киссасында да айтылады:

Тіл білген жетпіс екі өнері асып,

Қалыпты әртүрлі тіл содан кәсіп.

Смағұл, Ысхақ туды, одан Жақып,

Бірінен шыға келді бірі асып (Мәшһүр, 2010, 112 б.).

Жақып ұлы Жүсіптен айрылып, соқыр болып қалғаннан кейін Аллаға мойынсұнып, өмірдің мәні бойынша шыдамдылық пен кішіпейілділікті таңдайды. Бұл туралы басқа да көркем шығармалардан біле аламыз:

Жүсібінен айрылғасын,

Қанатынан қайрылғасын,

Көзсіз қалған қайғы ұрғасын

Жақып пайғамбарым жатыр (Ислам, 2010, 142 б.).

Кейіннен ұлы Жүсіптің киімінің иісін жұтқаннан кейін, оған көру қайта бітіп, іштей түсіне білу қабілетіне ие болған. Мәшһүр Жүсіп бұл аңызды «адамның жер бетінде болуының мәнін түсіну» сопылық категорияларын анықтау мақсатында атап өтеді.

Шығарма кейіпкерінің бірі Жүсіп – Жақыптың ұлы. Оның бейнесі:

Жүсіпке құдық түбін бостан қылып,

Ғайсаға «Інжіл» атты кітап бердің (Мәшһүр, 2007, 268 б.), – деген жолдарынан кездестіреміз. Құран аңыздарына ден қойсақ, Жүсіп пайғамбармен байланысты көптеген әңгімелер бар. Көбісі тәпсірлерде келтірілген, өйткені ол туралы өте көркем айтылған. Алла Тағаланың басқа пайғамбарлар, тақуалар, түс жорығыштар, билеушілер туралы келтірген әңгімелері де бар, алайда Жүсіп туралы бір ғана әңгімені «көркем әңгіме» деп атаған. Муфассирлердің түсіндіруінше, тақуа Жүсіп басқаларға қарағанда көптеген бейнет пен азапты басынан өткерген, сүйіспеншілік пен өшпенділікке, адалдық пен опасыздыққа душар болған. Құл болып жүріп, сұлтан болған. Сұлулығы үшін түрмеге де қамалған. Жан сұлулығының арқасында билеуші де болған (Құран-Кәрім, 1991, 236 б.)

Шығармада сонымен қатар Жақия, Ғайса поэтонимдері де кездеседі:

Екінші көкте Жақия, Ғайса тұрған,

Мен сәлем берген шақта мойнын бұрған (Мәшһүр, 2007, 268 б.).

Жақия – Иса ибн Мәриямның пайғамбарлық миссиясының ақиқатын растау үшін Израиль халқына жіберілген Ислам пайғамбары. Закария пайғамбардың ұлы. Ислам дәстүріне сәйкес, Жақия пайғамбар Иса пайғамбарлығын бірінші болып болжап, оған сендіріп, оған еврейлер арасында уағыздауға көмектескен.

Ғайса – Израиль ұрпақтарына жіберілген ұлы пайғамбар. Оның пайғамбарлық дәрежесі христиандықта, исламда мойындалады. Ғайса пайғамбардың жарық дүниеге келуінің өзі керемет болған, яғни Алла Тағала оны керемет ретінде әкесіз,

яғни ер адамның қатысынсыз әйел затынан ғана жаратқан, яғни оның өмірге келуі де мүғжиза болып табылады. Алла Тағала Мәриямұлы Ғайсаға отыз жасында киелі төрт кітаптың бірі Інжілді түсіріп, оны Израиль ұрпақтарына ақырғы пайғамбар етіп жіберген (Құран, Мәида сүресі).

Мәшһүр Жүсіптің «Миграж» дастанында «Ғайсаға «Инжіл» атты (атлы) кітап бердің», «Ғайсаға «Инжіл» берсем, – сенде жоқ па, Інжілден сүре «Ықылас» кем болып па?!» деген жолдар бар. Сонымен қатар Мәшһүр Жүсіптің «Шайтанның саудасы» өлеңінің фабуласына келсек, базарға келе жатқан лағынға (шайтанға) кез болған Ғайса пайғамбар оның не әкеле жатқанын сұрайды. Мәшһүр Жүсіп Көпеев Сонда шайтан бір есекке өтірік, екіншісіне «мікір-хайла» (қастық айла), үшіншісіне күншілдік, төртіншісіне зорлық, бесіншісіне тәкаппарлық артылғаны, өтірігін алыпсатарлар, мікір-хайла қулығын «қатынның ең жаманы», күншілдікті молдалар, зорлықты «жұрт билейтін ұлықтар», тәкаппарлықты «жетілген надандыққа» байлар алатынын мәлімдейді. Бұл бес есекке артылған әр түрлі жүк болса, есектен гөрі жүкті мол көтеретін он қашырда бір ғана жүк тамықты («тілемсекті») жұрт көзіне дінді насихаттаушылар болып саналса да, іс жүзінде өз пайдасын ғана ойлайтын қожа, молда, ишандардың алғаны, сөйтіп елді алдап жүргені баяндалады. Бұл да «дін жолындамыз» дегендердің алдымен таза болуын әспеттеу үлгісі.

Дәуіт – 40 жасында Пайғамбарлық қонған. Аллаһ Тағала оған самауи (көктен түскен) төрт кітаптың бірі Забурды түсірді. Забур – Аллаһның бірлігін, ұлылығын дәріптейтін, өлең ұйқасты мадақ (қасида) кітабы. Дәуіт Забурды өзінің әсем дауысымен оқығанда тыңдаушылар тебіреніп, төңірек түгел үн қосып кететін еді деп дәріптеледі. Тәңірі оған темір қорыту өнерін дарытты. Пайғамбар қолында темір қамырдай иленуші еді дейтін риуаяттар бар. Дәуіт (а.у.) темірден қару-жарақ сауыт-сайман соғады екен

Мәшһүр Жүсіпте Дәуіт есімі және оның Забурға ие болуы поэтикалық реминисценцияларында келтірілген.

Мұсаға «Таурат» бердің, маған қайда,

Билеттің жел мен суды Сүлейменге.

Дәуітке «Забур» бердің – үлкен кітап,

Аюпқа саламатлық қылдың пайда (Мәшһүр, 2007, 212 б.).

Мәшһүр Жүсіп поэзиясында Мұхаммедке дейінгі пайғамбарлар туралы, көрнекті тарихи тұлғалар қатарында Сүлеймен поэтонимі де тұрақты аталып, дастандарында жүйелене жырланды.

Сүлеймен – Давидтің ұлы. Бұлар туралы аңыз-әңгімелер құранда да бар. «Ислам» энциклопедиясындағы ғылыми-тарихнамалық тұжырымдарды негізінде: «Сүлеймен – Құрандағы кейіпкер, мейірімді де данышпан ежелгі патша, христиандардың қасиетті кітабындағы Соломон, Дәуіттің баласы. Құранның бойынша Сүлейменнің әкесімен бірге қол астындағылардың дау-дамайын шешу барысында ақылы әкесінен де асып түсіп, кейін оның тағына мұрагер болған. Ол Алла атынан сиқырлау білімін меңгерді. Алла Сүлейменге елді бағындырды, шайтандар мен жындарды оған қызмет еткізді. Олар Сүлеймен үшін теңіз түбінен қазына өндірді, ғибадатхана соқты, оған сыйға тартылған «балқыған мыс бұлақтан» мүсіндер, орасан зор ыдыс және сирақты қазандар жасады. Ол жөніндегі аңыздар Мұхаммед заманындағы ақындардың еңбектерінде де айтылды» (Ислам, 2010, 12 б). Діни аңыздар мен хикаяларда Сүлеймен пайғамбардың (ғ.с.) ұланғайыр билік,

орасан зор даңқ пен ілімнің иесі болып, жан-жануарлардың, тірі жәндіктердің тілін білгендігі айтылады. Ол туралы Мәшһүр Жүсіптің «Сүлеймен мен құмырсақ» ертегісінде де айтылады. Үзінді келтіретін болсақ: «Хазірет Сүлеймен тәубе қылып, құмырсақтан қанша үгіт-насихат алып, өзінің білместігіне, оның білімділігіне қайыл болды: – Менен соңғы патша болғанлар мұнан ғибрат алсын! Біреудің көзге көрінісі құмырсақдай болса да, тауып айтқан сөзіне құлақ салып тұра қалсын! – деп, кітапқа жаздырып, кейінгіге қисса қылып кетті» (Мәшһүр, 2005, 54 б.).

Сүлеймен пайғамбар туралы оқиғалардың бел ортасында жүретін шайтан бейнесі арқылы ақын исламдық дүниетаным мен өмір шындығы қозғалыстарын біртұтас бірлікте, сабақтастықта алып жырлайды. Адамдардың фәни дүниедегі тіршілік қозғалыстарына қатысатын әрекеттерінің барлығы да ішкі жан дүниесіндегі ынта тілек ауқымына байланысты өрбиді. Сан алуан, бір-біріне ұқсамайтын әрекеттердің жақсылығын да, қателіктерін де, ондысын да, терісін де қозғаушы жақсылық пен жамандық қасиеттерінің өзара тірескен тартысқан, қарсыласқан болмысы мәңгілік қозғалыстардың ұлы Жаратушы Алла негіздеген заңдылық екендігі айқындалады.

Мәшһүр шығармаларындағы тағы бір діни поэтонимдер – Ыдырыс пен Мұса.

*Төртінші бізлер көкке келіп қалдық,
Тұр екен Ыдырыс сонда, хабарландық.
Бесінші көкте жолықтық біз һаронға,
Алтыншы көкте Мұсаға жаңа бардық (Мәшһүр, 2005, 92 б.)
Тәнімен көкке шықты Ыдырыс, Ғайса,
Ғажап қой бір бармаққа ғам расулға.
Олардан дәрежесі артығырақ,
Жарық қып нұрын шашқан бұ ғаламға Ислам.*

Сондай-ақ «Жартыдан бүтін болып Ыдырыс (Идрис) пайғамбар туған. Бұл жалғанның жүзінде төрт жүз жыл тұрып, тірілей аспанға ұшып, өрлей-өрлей Ұшпаққа барып, сонда тұрып қалған», – деп жазады (Ислам, 2010, 23 б.) Құран хадистерінің деректері бойынша, Ыдырыстың он қасиеті болған делінеді. Біріншісі, пайғамбарлық. Екінші, ғалым (жұлдыз туралы ғылымды Ыдырыс шығарған. Сондықтан оны жұлдыздар ғалымы деп атайды). Үшінші, жазуды дүниеге әкелген. Төртіншіден, күмістен зергерлік бұйымдар жасаған. Бесінші, ол соғыс құралдарын жасауды ойлап тапты. Алтыншы, соғысу да Ыдырыстан қалған. Жетінші, соғыста қолға түскендерді тұтқынға алу Ыдырыстан қалған. Сегізінші, киім тігуді дүниеге әкелген. Тоғызыншы, «Лә, іләһа ілләллаһ Ыдырыс Нәбиаллаһу Мұхаммед Мұстафа Хаби-боллаһу» – деп қауымын иманға үндеген еді. Оныншы, көкке көтерілген. «Мұса Ферғауын және оның еліне пайғамбар болып жіберілген кезде, Мысырлықтар арасында сиқыршылық дамыған кез екен. Мысырлық сиқыршылар қандай да бір жіп, арқан секілді нәрседен жылан жасайтын. Міне сондай сиқыршылық жайлаған елге Мұса елші болып келісімен үлкен мұғжиза көрсетеді. Ферғауынның сиқыршыларымен үлкен бір алаңда кездесіп, күш сынаспақ болады. Хазіреті Мұса Аллаһтың құдіретімен қолындағы аса таяғын жерге тастаған кезде үлкен айдаһарға айналып, сиқыршылардың жіптен, арқаннан жасаған жыландарын бір-ақ жұтып, жиылған елді таң тамаша қалдырады. Бұрын-сонды мұндай жайтпен кездеспеген сиқыршылар Аллаһтың құдіретіне бас иіп, Хазіреті Мұса пайғамбарға иман етеді.

Яғни шарықтау шегіне жеткен сиқыршылықтың өзі Аллаһтың құдіреттілігінің аясында түкке тұрғысыз құбылыс екендігін Хазіреті Мұса пайғамбар осылайша дәлелдейді» (Сейтбеков, 2011, 215 б.).

Мұса пайғамбардың қасиеті Мәшһүр Жүсіпте төмендегідей жырланады:

*Ол Мұса калам Алла мұғжизамен,
Түбінен Ніл дарияның шығарды шаң
Ол Мұса пайғамбарың кереметін
Бани Исрайл (Израйл) қауымында көріп еді.
Ферғауын Мұсаменен қарсыласып,
Дарияға гарық (қарық) болып өліп еді.
Осындай кереметін көргеннен соң,
Көп қауым айтқанына көніп еді.
Ол тисе де көрсеткен мұғжизасын,
Сонымен пайғамбар деп сеніп еді* (Мәшһүр, 2007, 298 б.).

Мұса поэтонимі – иудаизмнің негізін қалаушы, Еврей пайғамбары және заң шығарушы, ежелгі Египеттен еврейлердің шығуын ұйымдастырды, Израиль отарларын бір халыққа біріктірді және иудаизмдегі ең маңызды пайғамбар болып табылады.

Мәшһүр Жүсіптің аталмыш дастанында және жалпы шығармаларында ерекше назар аударатын поэтоним – Мұхаммед есімі. Мұхаммед – ислам пайғамбары. Ислам ілімі бойынша, ол пайғамбарлардан, Ибрахим, Мұса, Иса және т.б. монотеизмнің негізгі білімін растауға бағытталған Алланың Елшісі (Расул Алла). Мұхаммед Арабияны бір мұсылман үмітіне біріктіріп, Оның ілімдерін, сунниттері мен Құранын исламның діни сенімінің негізіне айналдырды. Мұхаммедтің өмірінің соңына дейін келген Уахи Құранды құрайды. Мұсылмандар оны "Құдай сөзі" деп санайды және дін осыған негізделген. Құраннан басқа, мұсылмандар Мұхаммедтің (сүннет), хадистің, сираның сөздері мен әрекеттеріне сүйенеді және ислам құқығын (шариғат) қолданады (Гюлен, 2015, 65 б.). Дастанда біз өз Құдайына адал қызмет ететін Мұхаммед пайғамбардың мінсіз, таза бейнесін көреміз. Шығармада пайғамбарды жеті қат аспанға көтеретін жарқын сәуленің қалай пайда болатындығы сипатталған. Біріншісінде ол Адам атамен, екіншісінде – Мекайылмен, үшіншісінде – Жақия мен Ғайсамен, төртіншісінде – Жүсіп Нәбимен, бесіншісінде – Ыдырыспен, алтышында – Мұсамен, жетіншісінде – Сиратул –Мунтахамен кездеседі. Ислам дәуіріндегі әдебиетке тән Мұхаммед пайғамбарды дәріптеу сарыны XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы ақындар шығармашылығында айқын көрінеді. Мәшһүр Жүсіп шығармаларында да пайғамбарымыз жеті ғарыштан небір ғаламаттарды, суреттерді, әрекеттерді көріп, жетіншісінде барып Алламен жүздестіреді. Миғражға сапарының сан қилы сатысын, төзімділігін, көрегенділігін, даналығын паш етеді, құлдық қасиетінің тереңдігін, ғаламдық рақымдылығын жырға қосады.

*Жаратты қайғыменен жанның бәрін,
Барсың зой сол жиында баршаларың.
Кандил нұрға пайғамбар рухы тұрып,
Көрсетті тамам рухқа Хақ дидарын* (Мәшһүр, 2007, 267 б.).

Мәшһүр Жүсіп осы өлең қиссасында Мұхаммедтің Миғражға шығып, Алламен дидарласу жайын алғаш жырға қосқан:

Жігіттер, пайғамбарға қылмағыл шек,

*Таза қып бойыңызды жүріңіз пәк,
«Құдай – бір, құран-шын» деп біліп,
Және тағыз біліңіз пайғамбарды хақ.
Малың болса, зекет бер, қажы барғыл,
Пайғамбар айтып кеткен ісіне иланғыл,
Парыз, уәжіп, сүннәті мен мұстақабыны*

Орнына келтіруге талап қылғыл, – (Мәшһүр, 2007, 272 б.) деп Мұхаммед пайғамбардың Хақ елшісі екендігін тануға шақырып, ісін үлгі етеді.

Автор қиссасын:

*Әуелі бісмілләда сөзім басы,
Ғариптің естісе ағар көзден жасы,
Мағыражын Ән-хазіретінің тамаша қып,
Сөйлеген ақын Мәшһүр хикаясы, – (Ислам., 2007, 56 б.)* деп бастайды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзінің сүйікті кейіпкерлері – Мұхаммед пайғамбардың даналығына, ғалымдығына осындай дәлел келтіреді. Қиссада оқиға бірінші жақтан – Расул атынан баяндалады. Жебірейіл әкелген пыраққа мініп, көкке көтерілгенде, кейін солы мен оңынан дауыс естілгенде, пайғамбар қайырылмайды. Алдынан бір келіншек шығып, сапарына бөгет болғысы келеді. Жебірейіл оңынан келген дауысқа қайырылғанда, үмбетінің жұһуд болатындығын, солынан келген үнге мойын бұрғанда, үмбеттерінің наразы болатындығын, ал алдынан шыққан әйелдің – дүние екендігін айтады. Автор Мұхаммедтің осы оқиға арқылы рухының бекемдігін, сабырлылығын танытады.

Ақын «Мұхаммед пен Әбу Жаһил» деген өлеңінде:

*... Әшім жасы көзінен саулап ақты,
Жалынып Мұхаммедке жылап бақты.
– Мен емеспін жел беріп желіктірген,
Сенімен күресуге ауыр әлімсақты, – дейді (Мәшһүр, 2008, 18, 50 б.).
«Ғаршы, күрсінің баяны» өлеңінде ақын былай дейді:
... Көтеріп ол ғаршыны суға қойды,
Ол суды жел көтеріп бұға қойды.
Сақтады құдіретімен сонда желді,
Нұрына Мұхаммедтің ғалам тойды (Мәшһүр, 2008, 55 б.).*

«Жеті тозақ баяны» деп аталатын бөлім де өзінше қызық құрылған. Бұл бөлім Пайғамбардың (с.ғ.с.) жеті ғарышқа көтерілетінін сатылап баяндайды:

*... Құдай – бір, пайғамбар – Хақ,
Құран біл – шын,
Бұйырған шаригаттың қылса ісін.
Айтқанын ғалымдардың қылсаң түзу,
Көрмейсің, иншалла, соның түсін
Бір Алла Мұхаммедтің нұрын қылды,
Ғаламнан он сегіз мың бұрын қылды.
Артылатын құдірет өзі барша жаннан,
Ғаламға көңілін оның орын қылды (Мәшһүр, 2008, 55 б.).*

Сонымен, пайғамбарымыз жеті ғарыштан небір ғаламаттарды, суреттерді, әрекеттерді көріп, жетіншісінде барып Алламен жүздестіреді. Миғражға сапарының

сан қилы сатысын, төзімділігін, көрегенділігін, даналығын паш етеді, құлдық қасиетінің тереңдігін, ғаламдық рақымдылығын жырға қосады.

*Жаратты қайғыменен жанның бәрін,
Барсың зой сол жиында баршаларың.
Кандил нұрға пайғамбар рухы тұрып,
Көрсетті тамам рухқа Хақ дидарын* (Мәшһүр, 2008, 55 б.).

Мәшһүр Жүсіп хикаясы қазақи таным-түсінікке, ұғымға жақын. Мысалы, Алла-тағаланың дәрғаһына келгеннен кейін Расул:

*Топаннан Нұх нәбиге бердің нәжәт,
Қабыл қылса үмметім көп мінажат... <...>
Мұсаға “Таурат” бердің, маған қайда?
Билеттің жел мен суды Сүлейменге,
Дәуітке “Забур” бердің үлкен кітап,
Айыпқа саламаттық бердің пайда,
Адамға жәннат, ғылым, аят бердің,
Қызырға өлмес Әбілқаят бердің,
Не бердің маған сондай,
Иллаһым-ай, Қарным аш*

дәрғаһыңа тоймай келдім, – (Мәшһүр, 2007, 271 б.) дейді. Алла Расулға барлық игілікті істердің пайғамбар үмметтері үшін жасалынатынын ескертеді.

Қорытынды

Осылайша, зерттеу барысында біз Мәшһүр Жүсіп шығармаларынан біршама діни антропонимдерді анықтадық, олардың әрқайсысында автордың идеялық және көркемдік идеялары бейнеленеді және әр тұлға өзіне тән ерекшелігімен шығармаларда көрініс табады. Айрықша қасиеттеріне қарамастан, барлық діни антропонимдер автор үшін мәдениет пен дін саласындағы өз ойларын білдіру құралы болып табылады. Мәшһүр Жүсіптің Мұхаммед пайғамбар туралы поэмалары – ақынның ең үздік шығармаларының бірі, оларда пайғамбар туралы шебер, көркем баяндалады. Онда суреттер, бейнелер, диалогтар және лирикалық шегіністер Құран хадистерін баяндай отырып, дәл қолданылады.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің діни тақырыптарға жазылған поэмалары қазақ әдебиетінің тарихында ерекше орын алады. Бұл қазақ әдебиетін идеялық, көркемдік жағынан байытқан сирек кездесетін, қайталанбас туындылар. Өз өлеңдерінде ол діндар адамдардың бейнесін, олардың әр түрлі рухани әлемін қоршаған қоғаммен және ортамен бірлікте жасайды. Мұхаммед пайғамбардың өмірі туралы айтып, оған деген сүйіспеншілігін дәріптей отырып, автор өзінің бүкіл адамзат Жаратушыны білуі керек деген құпия ойын астарлы жеткізеді.

Автор адам жанында болып жатқан жағдайларды, өзгерістерді шынайы бейнелейді. Ол өмір шындығы туралы батыл, ашық сөйлесуді өзінің парызы деп санады, өйткені шындықты айту арқылы халықтың санасын оятуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. Алматы: Білім, 2003. 112 б.
 Әубәкір К. Аталардың ақылы, даналардың нақылы. Павлодар, 2014. 673 б.
 Бабалар сөзі. 11 том. Діни дастандар. «Мәдени Мұра» мемлекеттік бағдарламасының кітаптар сериялары. Астана: Фолиант, 2005. 360 б.

Гюлен Ф. Пророк Мухаммад: венец рода человеческого. Алматы: «Издательство Көкжиек», 2015. 632 б.

Ердембеков Б.А. Әріп ақын. Алматы, 2001. 192 б.

Ислам А. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2010.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 11 том. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007. 418 б.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 12 том. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2008. 363 б.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 13 том. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2008. 385 б.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 5 том. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2005. 410 б.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 6 том. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2005. 396 б.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 8 том. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2006. 470 б.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Таңдамалы өлеңдері. Павлодар: ЭКО, 2005. 1 т. 425 б.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Таңдамалы өлеңдері. Павлодар: ЭКО, 2005. 2 т. 456 б.

Сейтбеков С. Иман негіздері. Алматы: Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2011. 376 б.

References

Altynsarin, Y. (2003). *Kazak khrestomatiyasy* [Kazakh anthology]. Almaty: Education. (in Kaz.)

Aubakir, K. (2014). *Atalardyn akyly, danalardyn nakili*. [The wisdom of the grandfathers, the saying of the wise]. Pavlodar. (in Kaz.)

Erdembekov, B. A. (2001). *Arip akyn* [Letter poet]. Almaty. (in Kaz.)

Gulen, F. (2015). *Prorok Mukhammad: venets roda chelovecheskogo* [Prophet Muhammad: The crown of the human race]. Almaty: «Kokzhiiek Publishing House». (in Kaz.)

Islam, A. (2010). *Entsiklopediyalyk anyktamalyk* [Encyclopedia reference]. Almaty: Aruna Ltd LLP. (in Kaz.)

Mashkhur, Zhusip Kopeyuly (2007). *Shygarmalary* [Works]. Vol. 11. Pavlodar: NF «ECO». (in Kaz.)

Mashkhur, Zhusip Kopeyuly. (2008). *Shygarmalary* [Works]. Vol. 12. Pavlodar: NF «ECO». (in Kaz.)

Mashkhur, Zhusip Kopeyuly. (2008). *Shygarmalary* [Works]. Vol. 13. Pavlodar: NF «ECO». (in Kaz.)

Mashkhur, Zhusip Kopeyuly. (2005). *Shygarmalary* [Works]. Vol. 5. Pavlodar: NF «ECO». (in Kaz.)

Mashkhur, Zhusip Kopeyuly. (2005). *Shygarmalary* [Works]. Vol. 6. Pavlodar: NF «ECO». (in Kaz.)

Mashkhur, Zhusip Kopeyuly. (2005). *Tandamaly olenderi* [Selected Poems]. Pavlodar: NF «ECO». (in Kaz.)

Mashkhur, Zhusip Kopeyuly. (2006). *Shygarmalary* [Works]. Vol. 8. Pavlodar: NF «ECO». (in Kaz.)

Mashkhur, Zhusip Kopeyuly. (2005). *Tandamaly olenderi* [Selected Poems]. Pavlodar: NF «ECO». (in Kaz.)

Seitbekov, S. (2011). *Iman negizderi* [Basics of faith]. Almaty: Foundation for the support of Islamic culture and education. (in Kaz.)

Г.К. Абишева

*Павлодарский педагогический университет им. А. Маргулана,
Павлодар, Казахстан*

А.К. Турышев

Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан

РЕЛИГИОЗНЫЕ АНТРОПОНИМЫ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ МАШХУР ЖУСУПА

Аннотация. В статье рассматривается роль религиозных антропонимов в художественных произведениях Машхур Жусупа Копейулы. Религиозная поэтонимия в его произведениях, особенно в названиях пророков, отражает элементы определенной информации, образ, действие той или иной эпохи их жизни, раскрывает их познавательную специфику. В своих произведениях автор поднял многовековую традицию народных сказок до уровня художественной литературы, поэтому произведения Машхур Жусупа являются прямым источником религиозно-философской мысли, включающей религиозную терминологию. В этом контексте проводится анализ теоретических и художественных произведений и делаются выводы. Религиозные поэтонимы имеют сакральный характер. Рассматривая религиозные имена в произведениях, мы можем определить личную позицию автора, его художественно-эстетическое и религиозное мировоззрение.

Ключевые слова: ономастика, литературная ономастика, собственное имя, поэтоним, антропоним, художественный текст, Машхур Жусуп.

G.K. Abisheva

A. Margulan Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Kazakhstan

A.K. Turyshev

Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan

RELIGIOUS ANTHROPONYMS IN THE WORKS OF MASHKHUR ZHUSIP

Abstract. The article discusses the role of religious anthroponyms in the works of Mashkhur Zhusip Kopeyuly. Religious ethnonymy in his works, especially in the names of prophets, reflects elements of specific information, image, action of a particular era of their lives, revealing their cognitive specificity. In his works, the author elevated the age-old tradition of folk tales to the level of artistic literature, therefore, Mashkhur Zhusip's works serve as a direct source of religious-philosophical thought, incorporating religious terminology. In this context, an analysis of theoretical and artistic works is carried out and conclusions are drawn. Religious poetonyms have a sacred character. By considering religious names in works, we can determine the personal position of the author, his artistic-aesthetic and religious worldview.

Keywords: onomastics, literary onomastics, proper name, poetonym, anthroponym, artistic text, Mashkhur Zhusip.

Авторлық үлестер

Әбішева Г.К. – концептуалдау, формалды талдау, әдіснама, жазу – шолу және редакциялау.

Тұрышев А.К. – әдістеме, рөлдер/жазу – бастапқы нобай, жазу, редакциялау.